

Кәрібаев Б.Б.  
**Қазақ хандығының  
550 жылдығы:  
ғылыми нәтижелер туралы**

Автор бұл мақаласында 2015 жылы елімізде Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесіне байланысты жүзеге асырылған ғылыми іс-шаралардың бірі – Қазақ хандығының тарихына қатысты ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектерге қысқаша талдау жасайды. Өз талдауында автор мәселеге қатысты жарық көрген туындыларды үш топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа – Қазақ хандығының тарихына қатысты деректер мен деректанулық еңбектерді, екінші топқа – қазақ хандары мен сұлтандарына арналған ғылыми және ғылыми-көпшілік туындыларды, ал үшінші топқа – хандықтың әрбір тарихи кезеңдердегі тарихына арналған монографиялық жұмыстарды жатқызады. Сондай-ақ автор әр бағыттағы еңбектерге қысқаша талдаулар жасап, олардың маңызы мен өзіндік ерекшеліктерін атап өтеді.

**Түйін сөздер:** Елбасы, жолдау, Қазақ хандығына 550 жыл, мерейтой, қазақ хандары, зерттеулер.

Karibayev B.B.  
**550th anniversary of Kazakh  
Khanate: the results of research**

In this article, the author provides a brief analysis of research activities and public works to commemorate the 550 anniversary of the Kazakh Khanate. The analysis of the works of the author divides them into three groups. The first group – the sources and source works, the second group – scientific and public works devoted to the Kazakh khans and sultans, the third group the author includes monographs, the history of the khanate of passage in different historical periods. And as the author provides a brief analysis of various studies highlighting their features and importance

**Key words:** Elbasy, the message, 550th anniversary of Kazakh Khanate, celebration, Kazakh khans, research.

Карибаев Б.Б.  
**550-летие Казахского ханства:  
научные итоги**

В этой статье автор дает краткий анализ научно-исследовательским мероприятиям и общественным трудам, посвященным празднованию 550-летия Казахского ханства. В результате анализа трудов автор делит их на три группы. К первой группе относятся источники и источниковые труды, ко второй группе – научные и научно-общественные труды, посвященные казахским ханам и султанам, к третьей группе автор относит монографические работы, посвященные истории ханства в разный исторический период. Также автор дает краткий анализ различным исследованиям, выделяя их особенность и важность.

**Ключевые слова:** Елбасы, послание, 550-летие Казахского ханства, торжество, казахские ханы, исследования.

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ  
550 ЖЫЛДЫҒЫ:  
ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕЛЕР  
ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың жыл сайын әр жылдың соңында немесе жаңа жылдың басында Қазақстан халқына Жолдау арнайтыны дәстүрге айналып отыр. Әр жылғы Жолдаудың тарихымыз үшін маңызы зор. Ал 2015 жылға арналған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдаудың орны тарихшылар үшін, гуманитарлық ғылымның өкілдері үшін тіпті ерекше деуге болады. Онда 2015 жылы болатын мерекелер туралы былай деп айрықша атап өткен болатын: «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз» [1, 1-2 бб.]. Елбасы атап көрсеткен мерекелердің әрқайсысының қазақстандықтар үшін орны ерекше. Дегенмен де, Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесінің орны өте айрықша деуге болады.

Өзімнің жеке ойымша, Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы дегеніміз – ұлттық мемлекеттігіміздің мерекесі. Оны атап өтудегі ең басты мақсат, ол – қазақ қоғамының барлық мүшелерін бірлікке жұмылдыру, елдің жас буын өкілдерін отансүйгіштікке, патриотизмге, мемлекетшілдікке, мемлекеттік билікті сыйлауға және құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Салыстырмалы түрде айтсақ, жер бетінде 3-4 мың халық өмір сүргенімен, олардың бәрінің жеке мемлекеттері жоқ. Жеке, дербес мемлекеттердің саны 200-ден сәл ғана асады екен. Сол мемлекеттердің бірі – Қазақстан Республикасы.

Мемлекеттің негізгі атқаратын міндеттерінің біріне – қоғамның ішкі және сыртқы қатынастарын реттеу, оны үнемі дамытып отыру, ел аумағының тұтастығын сақтау, шекараны қорғау, экономика мен мәдениетті дамыту және тағы басқа осындай маңызды міндеттер жатады. Біз соңғы ширек ғасырдай уақыт ішінде дербес мемлекеттігіміздің арқасында жаңағы атап өткен міндеттерді жүзеге асыруда мол табыстарға қол жеткіздік. Ал осындай дербес мемлекеттілігін аңсап жүрген халықтар жұмыр жерде қаншама десеңізші!!! Осындай тұрғыдан келгенде өзінің жеке, дербес мемлекеті бар халықты нағыз бақытты халық деуге әбден болады. Біз сондай халықтың біріміз.

1999 жылы Елбасы өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында XV ғасырдың ортасында құрылған Қазақ хандығын бүкіл Орталық Азиядағы ең алғашқы ұлттық сипаттағы мемлекет деп айрықша атап өткен болатын [2, 211 б.]. Бұл тұжырымның мәні өте тереңде жатыр. Бір сөзбен қысқаша түрде ғана айтсақ, біздің халқымыздың – қазақ, жеріміздің – Қазақстан деп аталуының негізінде – XV ғасырдың ортасында құрылған Қазақ хандығы тұр. Сол себепті де Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту, ол – ұлттық мемлекетіміздің мерейтойын атап өту деген сөз.

Осы жерде бір-екі ауыз сөзді Қазақ хандығына дейін Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттерге қатысты айтып өтейін.

Қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік тарихы біздің жыл санауымызға дейінгі ІХ-VІІІ ғасырлардан бастау алады. Ежелгі скифтер, сақтар, сарматтар, одан кейінгі ғұндар, үйсіндер, қанлылар, түрік дәуірі мен оғыз-қыпшақ дәуіріндегі қағанаттар мен хандықтар, Алтын Орда кезеңіндегі хандықтар – осылардың бәрі Қазақ хандығының тарихи тамырлары болып саналады. Ежелгі және ерте орта ғасырлардағы мемлекеттілік үдерісі Қазақстан аумағында сабақтас-тық және үздіксіздік принциптері негізінде дами келе, ұлттық сипаттағы мемлекетке – Қазақ хандығына ұласады. Ал Қазақ хандығының тарихы төрт ғасыр уақытқа созылып, ХІХ ғасырдың ортасына дейін жалғасқаны баршаға мәлім.

Міне, осындай жағдайды біздер, тарихшылар Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын мерекелеу барысында бас қосқан халықаралық, республикалық деңгейдегі ғылыми жиындарда, дөңгелек үстелдерде, бұхаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарымызда қалың көпшіліктің санасына жеткізуге тырыстық.

Енді ел тарихшыларының хандықтың мерейтойына байланысты жүргізген зерттеулері мен олардың қорытындысы жөнінде нақты тоқталып өтейін. Жалпы алғанда, тарихшыларымыз осы бағытта жақсы зерттеулерін жүргізіп, тәуір нәтижелерге қол жеткізді. Зерттеулердің бірнеше бағытта жүргенін көруге болады. Олардың алғашқысына – Қазақ хандығының тарихына қатысты деректер мен деректерге арналған арнайы ғылыми зерттеулер жатады. Осы бағыттағы зерттеулер ішінде шоғыры биік туындыға тарих ғылымдарының докторы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент) Лаура Қуандыққызы Жүсіпованың «ХV-ХVІІІ ғғ. Қазақ хандығы» (Павлодар: Кереку, 2015. – 375 б.) атты монографиясын жатқызар едім [3].

Монографияда автор ХV-ХVІІІ ғғ. Қазақ хандығының тарихы, оның деректік көздері және ауызша деректерге ғылыми негізде сараптамалар жасаған. Ауызша деректердің зерттелу тарихы, әдістемелері жөнінде автор қызықты ойларын ортаға салады. Сондай-ақ атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрағатындағы Қазақ хандығы мен қазақ хандары, сұлтандары, тарихи тұлғалар туралы мәліметтеріне деректанушылық тұрғыда зерттеулер жасап, оның нәтижелерін ұсынған. Монография соңындағы «Қосымшалар» бөлімінде хандар шежіресінің бірнеше нұсқалары беріледі. Жалпы алғанда, Л.Қ. Жүсіпованың бұл еңбегін қазақ халқының ауызша тарихи мәліметтері мен шежірелік материалдарын деректанулық тұрғыда жан-жақты зерделеген және осындай бағыттағы зерттеуді бір қадам болса да алға жақсы еңбек деп санаймын.

Ұлы тойды мерекелеу барысында келесі жарық көрген еңбекке белгілі шығыстанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, С. Демирел университетінің профессоры Ислам Жеменейдің парсы тілінен қазақшаға аударуымен Мұхаммед Қайдар Дулаттың «Тарихи-Рашиди» атты еңбегінің үшінші рет жарыққа шығуы жатады [4]. 698 беттен тұратын бұл туындыны Алматыдағы «ҚАЗАҚПАРАТ» баспасы басып шығарған. Қазақ хандығының құрылуы жөнінде әңгіме бастасақ, ең алдымен ортағасырлық тарихшы Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың есімі мен оның «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі тілімізге оралады. Атақты тарихшы М.Х. Дулати өз еңбегінде Қазақ хандығының құрылуын ғана емес, сонымен бірге Қазақ хандығының бір ғасырға жуық тарихынан баяндаулар береді. Сондай-ақ бұл кітапта ХІІІ-ХVІ ғасырлардағы бүкіл Орталық Азиядағы халықтардың тарихына қатысты құнды мәліметтер кездеседі. Баспадан шығарушылар еңбектің осындай құнды жағын ескере келе, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Тарих-и Рашиди» қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қайта сөйлетіпті. Бұл еңбектің шығуы мерейтой барысында жұртты елең еткізер оқиғалардың біріне жатқаны белгілі.

2015 жылғы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай жүргізілген зерттеу бағыттарының келесісіне – қазақ хандарының өмірі мен тарихи тұлғасына арналған ғылыми – танымдық және энциклопедиялық – анықтамалық жинақ жұмыстары жатады. Бұл бағыт бойынша қасиетті Түркістан қаласындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тарихшылары шығарған «Қазақ хандары». Энциклопедиялық анықтамалық жинақ [5] пен осы еңбектің кеңейтілген нұсқа-

сы «Қазақ хандары». Энциклопедиялық анықтамалық жинақты ауыз толтырып айтуға болады [6]. Бұл жинақтың авторлары XV-XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген қазақтың 80-ге жуық хандары мен сұлтандары жөнінде анықтамалық мәліметтер беріп, алғаш рет оқырмандарды қарастырып отырған тарихи кезең ішінде өмір сүрген қазақ билеушілерінің өмірімен және тарихи болмысымен таныстырады. Бұл еңбектердің құндылығына алғаш рет жүйелі түрде қазақ билеушілерінің бір еңбекке жинақталып берілуі жатады деп ойлаймын.

Осы бағыттағы келесі бір құнды еңбекке – елімізге белгілі ғалым, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Омарбековтың «Ұлы даланың дара тұлғалары. Қазақ хандары» атты көпшілік оқырманға арнап жазылған ғылыми-танымдық сипаттағы еңбегі жатады [7]. Профессор Т. Омарбеков бұл еңбегінде Ұлы Даланың дара тұлғалары Тоқтамыс хан, Едіге би жөнінде және қазақтың алғашқы ханы Керей ханнан бастап қазақтың соңғы ханы Кенесары ханға дейінгі жиырма сегіз ханы туралы жазған материалдарын көпшілік назарына ұсынады. Бұл еңбектің құнды жеріне автордың Ұлы даланың дара тұлғаларын сөзбен ғана баяндап қоймай, өз қолымен салған суреттермен айшықтап беруі жатады.

Сондай-ақ осы жолдар авторының танымдық сипатта қалың көпшілікке арналып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген Қазақ хандары. Казахские ханы. Kazakh Khans [8] және Қазақ хандары туралы қысқаша сипаттама. (XV ғ. ортасы мен XVIII ғ. басы аралығы) [9] атты еңбегін атап өтуге болады. Осы жолдардың авторы XV ғ. ортасы мен XVIII ғ. басы аралығында қазақтың бас хандары болған Керей ханнан Тәуке ханға дейінгі он жеті билеушінің өмірі мен тұлғалық бейнесі жөнінде ақпараттық материалдарды оқырмандарға ұсынады. Егерде бұл күндерге дейін қазақ хандары туралы жүйеленген танымдық еңбектердің жоқтығын ескерсек, онда бұл аталған еңбектер сол олқылықтың орнын толтыруда ерекше үлес қосады деп санауға болады.

Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу барысындағы зерттеу жұмыстарының тағы бір бағытына арнайы жүргізілген зерттеулерді

жатқызуға болады. Оның қорытындысына Қазақ хандығының әртүрлі мәселелерін қамтыған монографиялық еңбектер жатады. Бұл бағыт бойынша осы жолдар авторының Қазақ хандығының құрылу тарихы мен Қазақ хандығының күшеюіне арналған атты еңбектері жарық көрді [10, 11]. Бірінші еңбекте Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің қалыптасуының теориялық, методологиялық мәселелері, хандықтың құрылуының алғышарттары, деректері, тарихнамасы, хандықтың құрылуының барысы мен кезеңдері, тарихи маңызы және «қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны секілді мәселелер қарастырылса, екінші монографияда Қазақ хандығының күшеюі кезеңіндегі мәселелер зерттеледі.

Бұл аталған еңбектерден басқа дәл қазіргі кезде бірнеше ғалымның Қазақ хандығының әртүрлі кезеңдердегі тарихы мен әртүрлі аспектілеріне арналған зерттеу жұмыстары баспаларда жатыр. Олар жыл соңына дейін немесе келесі жылдың алғашқы айларында шығады деп күтілуде.

Мемлекеттік мерекеміздің мерейтойына арналған ғылыми жұмыстардың келесі бағытына әртүрлі деңгейлердегі ғылыми конференциялар жатады. Ғылыми жиындар еліміздің бас қалалары – Астана мен Алматы, барлық облыс орталықтарында, Түркістан, Семей, Арқалық, Жезқазған секілді үлкен қалалардағы жоғары оқу орындары ғалымдарының ұйымдастыруымен өткізілді. Бұл істі мемлекеттік биліктің салалары мен тармақтары да одан әрі жалғастырды. Жалпы алғанда, 2015 жылы елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығына орай жүзден аса ғылыми шаралардың өткені белгілі. Олардың бәрі ақпарат көздері арқылы қалың жұртшылыққа кең насихатталды. Мерекелік үрдіс жыл аяғына дейін әлі жалғасын тауып жатыр.

Жалпы қорыта келе айтарым, хандықтың мерекесін жыл басынан жыл аяғына дейін атап өту – халқымыздың рухын асқақтатқан кең ауқымды, терең мәнді іс-шара болды. Еліміздің тарихшылары бұл іске бір адамдай атсалысып, мерекенің ғылыми жағының жүгін көтерісті. Соның нәтижесінде жоғарыда атап өткен туындылар дүниеге келіп, мерекенің сәнін келтірді деуге болады. Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу толығымен өз мақсатына жетті деп ойлаймын.

### Әдебиеттер

- 1 Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан газеті. – №221 (28444). – 12 қараша сәрсенбі. – 2014 жыл.
- 2 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 3 Жүсіпова Л.Қ. XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы. – Павлодар: Кереку, 2015. – 375 б.
- 4 Мұхаммед Қайдар Дулат. Тарих-и Рашиди: – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 698 б.
- 5 Қазақ хандары: Энциклопедиялық анықтамалық жинақ // жауапты редакторлар: т.ғ.д., профессор М. Қожа, т.ғ.д., профессор Х.М.Тұрсын. – Түркістан: Тұран, 2015. – 176 б.
- 6 Қазақ хандары: Энциклопедиялық анықтамалық жинақ // жауапты редакторлар: т.ғ.д., профессор М. Қожа, т.ғ.д., профессор Х.М. Тұрсын. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 224 б.
- 7 Омарбеков Т. Ұлы даланың дара тұлғалары. Қазақ хандары. – Алматы: «Эксклюзивка» баспасы, 2015. – 173 б.
- 8 Кәрібаев Б. Қазақ хандары. Казахские ханы. Kazakh Khans. – Алматы: Сардар, 2015. – 128 б. Қазақша, орысша, ағылшынша.
- 9 Кәрібаев Б. Қазақ хандары туралы қысқаша сипаттама. (XV ғ. ортасы мен XVIII ғ. басы аралығы) [9]. – Алматы: Саржайлау, 2015. – 38 б.
- 10 Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы»: монография. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- 11 Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: Сардар, 2015. – 170 б.

### References

- 1 Nurly zhol – bolashakka bastar zhol. Memleket basshysynyn Kazakstan halkyna Zholdauy // Egemen Kazakstan gazetі. №221 (28444), 12 karasha sarsenbi, 2014 zhyl.
- 2 Nazarbaev N. Tarih tolkynynda. – Almaty: Atamura, 1999. – 296 b.
- 3 Zhusipova L.K. XV-XVIII gg. Kazak handygy. – Pavlodar: Kereku, 2015. – 375 b.
- 4 Muhammed Kaidar Dulat. Tarih-i Rashidi: – Almaty: KAZakparat, 2015, – 698 b.
- 5 Kazak handary. Enciklopediyalyk anyktamalyk zhinak / zhauapty redaktorlar: t.g.d., professor M.Kozha, t.g.d., professor H.M.Tursyn. – Turkistan: «Turan» baspanasy. 2015. – 176 b.
- 6 Kazak handary. Ienciklopediyalyk anyktamalyk zhinak / zhauapty redaktorlar: t.g.d., professor M.Kozha, t.g.d., professor H.M.Tursyn. – Almaty: «Kazygurt» baspasy. – 2015 zh. – 224 b.
- 7 Omarbekov T. Uly dalanyn dara tulgalary. Kazak handary. – Almaty: «Ekskluzivka» baspasy, – 2015. – 173 b.
- 8 Karibaev B. Kazak handary. Kazahskie hany. Kazakh Khans. – Almaty: Sardar, 2015 zh. – 128 b. Kazaksha, orysshа, agylshynsha.
- 9 Karibaev B. Kazak handary turaly kyskasha sipattama. (XV g. ortasy men XVIII basy aralygy) [9]. – Almaty: «Sarzhailau» baspasy. – 2015. – 38 b.
- 10 Karibaev B. Kazak handygynyn kurylu tarihy»: Monografiia. – Almaty: «Sardar» baspa uii, 2014. – 520 b.
- 11 Karibaev B. Kazak handygynyn kusheiuі (XV g. songy – XVI g. algashky shirekteri). – Almaty: «Sardar» baspa uii, 2015. – 170 b.